

САБАҚ ТАҚЫРЫБЫ

Абайдың “он жетінші” қарасөзі



МАҚСАТЫ

Білімділік: 1. Оқушыларға ұлы ақынымыз Абай Құнанбайұлы шығармашылығы туралы тереңірек ұғынуға жол сілтеу. Абайдың қарасөздерін оқыту арқылы оқушыларға ақыл, қайрат, жүрек, ғылымның адам өмірінде алатын орнын түсінуге, өз бойларында осы асыл қасиеттер болу үшін күресе білуге, ақынның қарасөздерінің мәнін, ғылыми философиялық ойды түсінулерін анықтау. Абай сөзімен айтқанда болашақ «кемел адам» бейнесін, моделінің жобасын жасау

Дамытушылық: 2. Мәтіннің танымдық сипатын, құрылымдық бөліктерін өздері байқай алатын, түсіне алатын нәтижеге жеткізу. Көркем мәтінмен жұмыс істей білу дағдысын жетілдіру, оқып-түйгендері жайлы ой қорытындысын айтқызып жаттықтыру, бір – біріне түсіндіру арқылы ұжымдық шығармашылық жұмыс жүргізе білуге жетелеу.

Тәрбиелік: 3. Ұлы ақынның еңбектерін оқи отырып, елін сүйуге, адамгершілік, адалдық, ізгілікке, ғылым-білімді меңгерген көкірегі ояу азамат болуға баулу.



САБАҚТЫҢ МІНДЕТІ:

- 1. Абайдың шығармалары мен қарасөздеріндегі философиялық көзқарасын оқып , талдау арқылы мейірім , әділет , шапағат , ар- ұят ұялаған жылы жүректі жан және бұл адам жылы жүректің жетекшісі болған нұрлы ақыл мен ыстық қайраттың иесі «толық адам» бейнесін жасау.*
- 2. Оқушылардың топтағы жұмыстарын жүйелі жүргізіп жобалауға , жоспарлауға , бағыттауға , ой қойтуға пікір айтуға , дүние танымдық көзқарасын арттыру.*



Абай кім?



Қарасөз дегеніміз

ғылым туралы , философия туралы , дін туралы қарасөзбен жазылған еңбек . Абай Құнанбаевтың 1890-1898 жылдар арасында жазылған 45 қарасөзі бар . «Ғақлия» деген өсиеттері .

Қарасөз – арабтың «ғақлия» деген сөзімен мәндес. Ғақлия – көркем сөз , дана сөз , асыл сөз деген мағынаны береді . Абайдың қарасөздері адамзат баласына ортақ сөз . Кейіпкері адам , толық адам (кемел адам) . Қарасөздері алғаш рет Семей қаласында 1948 жылы «Абай» журналында жарық көрді . Орыс , қытай , француз т.б. көптеген әлем тілдеріне аударылды. Абай қарасөзін 45 жасында жазған .

“Қарасөз” модулі



Абай қарасөзін не үшін жазды?



*« Ойыма келген нәрселерді
қағазға жаза берейін , ақ қағаз бен
қара сияны ермек қылайын , кімде
– кім ішінен керекті сөз тапса ,
жазып алсын , я оқысын , керегі
жоқ десе , өз сөзім өзімдікі дедім
де , ақыры осыған байладым ,
енді мұнан басқа ешбір жұмысым
ЖОҚ .» (1-қарасөзінен үзінді)*



***Он жетінші
қарасөз***



Сөздік жұмыс

Мәдмәлат – мақсат , мұрат .

Ғақлия – көркем сөз , дана сөз , асыл сөз .



Нәфсі – құмар

*Ахирет – бақиға аттанар кездегі пенде
киетін киім*



Қайрат, ақыл, жүрек туралы

**«Ақыл , қайрат , жүректі бірдей ұста ,
Сонда толық боласың елден ерек»**






**« Адам баласы адам баласынан
ақыл , ғылым , ар , мінез деген
нәрселермен озбақ . Одан басқа
нәрселерден оздым ғой демектің
бәрі де ақымақтық»**



**« Нұрлы ақыл , ыстық қайрат
және оларға әмірі жүретін жылы
жүрек бір кісіден табылса , онда ол
«қасиетті адам» болмақ .»**

“Кемел адам” бейнесі



“Мен” модулі



“Он жетінші” қарасөзін талдау

- мәселесі – адамдыққа үйрету ;
- түрі – айтыс , талас түрінде ;
- мақсаты – өсиет , ғибрат қалдыру .



**« Абайды таныту арқылы біз
Қазақстанды әлемге танытамыз .
Абай әрқашан біздің ұлттық
ұранымыз болуы тиіс»**

Н. Назарбаев



ҮЙ ТАПСЫРМАСЫ

17- қарасөзін оқу. «Болмасаң да ұқсап бақ» өздерінше ізденіп қарасөз жазу.





**Назар қойып
қарағандарыңыз
ға көп рахмет!!!!**

